

«ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ № 9 «КӨЛТОҒАН» ЖАЛПЫ ОРТА
БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ.

Бекітемін:
№ 3 педагогикалық кеңесте
бекітілді: 4- қаңтар 2024 жыл
Мектеп директоры:
 К.Турсынбекова.



Келісемін:
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:
 А.Аханов.

2023-2028 жылдарға арналған мектептің даму бағдарламасы

Амангелді ауылы.
Қаңтар, 2024 жыл

МАЗМҰНЫ

Бөлім №	Бөлім аталуы	Беттер
I.	Бағдарлама төлқұжаты	5-7
II.	Ағымдағы ахуалды талдау	7-22
III.	Миссиясы және пайымы	23-24
IV.	Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер	24-27
V.	Мектептің даму бағдарламасының 2023-2028 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары	27-34

№ 9 «КӨЛТОҒАН» ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІНІҢ АННОТАЦИЯСЫ.

Мектеп директоры	-	Турсынбекова Калдыгул Анаркуловна, осы мекемені басқару педагогикалық өтілі – 13 жыл
Телефоны (ж.т.; ұ.т.)		87021686919
Мекен – жайы	-	Байтерек көшесі №68
Мектептің статусы	-	Жалпы орта білім беретін мектеп
Пайдалануға берілген жылы	-	1975, жаңа ғимарат-2015
Жобалық сыйымдылығы	-	300
Мектеп ғимараты	-	Типтік. Мектеп 3 қабаттан тұрады Жылу жүйесі – жылу қазандығы (газ)
Оқыту тілі	-	Қазақ тілінде
Оқушы/ сынып саны 1-11 сыныптарда	-	705 бала, 33 сынып
Білім сапасы (II тоқсан)	-	42,5%
ҰБТ көрсеткіші (2022 ж., 2023 ж.)	-	2022 жыл –69 балл, 2023 жыл- 74,4
Полиция бөлімінің есебінде тұрған бала саны	-	1
Педагогтар құрамы	-	Жалпы саны – 86, оның ішінде: Білімі: жоғары-86 Біліктілігі: Педагог-зерттеуші - 13, педагог-сарапшы - 36, педагог-модератор – 16, жоғары санатты – 1, бірінші – жоқ, екінші – жоқ, санаты жоқ – 20 Сапалық құрамы – 76,7%.
Кіші қызметкерлер саны	-	29
Материалдық – техникалық жабдықтауы	-	Оқу бөлмесінің саны - 10 Компьютер кабинеті- 3, компьютер саны - 104, 1 компьютерге келетін бала саны - 7 Спорт зал – 1 Думан зал – 1 (90 орын) Шеберхана - 2 Кітапхана - 1 (кітап қоры – 14058 дана) Асхана – 1 (90 орын) Мед.кабинет – 1
Ыстық тамақпен қамтылған бала саны	-	317

Электрондық почта	-	m115koltogan@mail.ru
Атқарылған жөндеу жұмыстары		2023 жыл- Мектептің ішкі қабырғаларына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді
Қажетті жөндеу жұмыстары	-	Мектептің сыртқы төменгі қабырғаларын, мектеп ауласының қорғанын жөндеу

I. БАҒДАРЛАМА ТӨЛЖҰЖАТЫ

Бағдарламаның атауы	2023-2028 жылдарға арналған мектептің даму бағдарламасы
Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме	Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 27 шілдедегі No 319-III Жарлығымен бекітілген «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 18 ақпандағы No 407-IV Жарлығымен бекітілген «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы No 293-VI Жарлығымен бекітілген «Мұғалім мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 8 тамыздағы No 345-II Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 26 желтоқсандағы No518-IV Жарлығымен бекітілген «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Өңірлік бағдарламалар, білім беруді дамыту жөніндегі жол карталары
Бағдарламаны әзірлеуші	Түркістан облысы білім басқармасы Келес ауданының білім бөлімінің № 9 «Көлтоған» жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі, 4-қантар 2024 жылы № 3 педагогикалық кеңесте бекітілді.
Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері	Мақсаты: Жаңа формацияның педагогикалық контингентін қалыптастыруға ықпал ететін білім беру ортасының оңтайлы моделін құру, оқуға ынталандырылған оқушы ортасы, оқушылар, педагогтар, ата-аналар арасында тұрақты даму және берік байланыс орнату. Міндеттері: Білім беру мазмұны саласында: - нормативтік- құқықтық құжаттар негізінде мектептің іс әрекетін жергілікті басқару органдарының ұсыныстарымен реттеу. - әлеуметтік және педагогикалық жағдайларға сәйкес келетін инновациялық технологияларды игеру; - оқыту мен тәрбиелеуде сабақтастықты қамтамасыз ету; - білім алушылардың білім беру және шығармашылық сұранысын барынша қанағаттандыру үшін жағдай жасау; -тәрбие жұмысы жүйесін жетілдіру; -оқушының танымдық белсенділігін, зияткерлік қабілеттерін, өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын

	дамытуға жағдай жасау; - табысқа жету мотивациясын арттыру, әлеуметтік бейімделу деңгейін және өзара іс-қимыл мәдениетін арттыру; - оқушының әлеуметтік мәселелерді шешу қабілетін қалыптастыру, стресске төзімділік дағдыларын дамыту - оқу-тәрбие процесіне тұрақты даму мақсаттарын енгізу. Денсаулықты сақтау саласында: - денсаулық сақтау технологияларын оқу-тәрбие процесіне енгізу; - білім алушыларда салауатты өмір салты дағдыларының қажеттіліктерін қалыптастыру; - экологиялық жауапты мінез-құлықты қалыптастыру. Педагогикалық кадр саласында: - инновациялық қызметті дамытуға педагогикалық ұжымның уәждемесін қалыптастыру; - педагогтердің кәсіби шеберлігін арттырудың жаңа формалары мен жолдарын іздеу; - мектептің педагог қызметкерлерінің ақпараттық технологиялар саласындағы біліктілігін арттыру Білім беру жүйесін басқару саласында: - білім беру ортасын құру процесін корпоративтік басқару тетігін әзірлеу; - жеке білім беру және мәдени қажеттіліктерді қалыптастыру және дамыту процесінде білім алушыларды сауатты және қамқорлықпен сүйемелдеу ретінде тьюторлық технологиясын енгізу; - мектепті дамыту идеяларын іске асыруды қамтамасыз етуге қабілетті басқару жүйесінің жаңа құрылымын әзірлеу және енгізу; мемлекеттік қоғамдық басқару субъектілерінің (Қамқоршылық кеңес), олардың өкілеттіктерінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету; - сүйемелдеу қызметтерін одан әрі дамыту және жетілдіру (психологиялық, диагностикалық, ақпараттық-талдамалық); - ғылыми-зерттеу қызметінің құрамдас бөлігін міндетті түрде енгізе отырып және қала мен облыс мектептерінің педагогтерін тарта отырып, әдістемелік бірлестіктер жұмысының тиімділігін арттыру; - психологиялық-педагогикалық мониторинг жүйесін құру; - жеке тұлғаны тәрбиелеудегі білім берудің рөлін арттыру; - білім беру процесіне қатысушылардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету. Қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету саласында: қосымша қаржыландыру көздерін тарту; (демеушілік, конкурстарға қатысу арқылы гранттар алу); - инновациялық мекеменің қажеттіліктерін іске асыру мақсатында материалдық-техникалық базаны нығайту (білім беру процесін компьютерлендіру, аудиовизуалды құралдарды, ұйымдастыру техникасын, оқу-көрнекі құралдарды сатып алу), оқу процесінің жаңа буын жабдықтарына сәйкес оқу кабинеттері интерьерін жаңарту.
Бағдарламаны іске асыру	2023 жылдың қыркүйегінен – 2028 жылғы маусым аралығы

мерзімдері мен кезеңдері	
Қаржыландыру көздері	Бағдарламаны іске асыру үшін 2023-2028 жылдары бюджет қаражаты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да қаражат жұмсалады.

Бағдарлама шеңберінде жоспарланған шаралар «Әр мектеп – үздік мектеп» бағытын негізге ала отырып, тұлғаны интеллектуалды мүмкіндіктерін дамытуда, білім сапасын арттыруда, әлеуметтік және мәдени құндылықтарды қалыптастыруда, жекелеген пәндерді кәсіби және тереңдете оқытуды білім беру саласының бәсекеге қабілеттілігін арттырады, әлемдік білім беру жүйесінің озық тәжірибелеріне сүйене отырып қазақстандық адами капиталдың өсуіне ықпал жасайды, мектептің білім мен ғылым саласындағы орнын нақтылай түседі деп болжайды.

II. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТАЛДАМАЛЫҚ ЖӘНЕ БОЛЖАМДАУ НЕГІЗДЕМЕСІНІҢ БЛОГЫ

Бағдарламаның талдамалық және болжамдау негіздемесінің блогында:

- 1) № 9 «Көлтоған» жалпы орта білім беретін мектебінің ағымдағы қызметінің жай-күйін, негізгі проблемаларды және олардың себептерін талдау;
- 2) № 9 «Көлтоған» жалпы орта білім беретін мектебінің инновациялық әлеуетін бағалау;
- 3) № 9 «Көлтоған» жалпы орта білім беретін мектебінің педагогтарымен олардың кәсіби бірлестіктерінің білім беру ұйымын дамытудың перспективалары мен бағыттары туралы пікірлерін зерделеу;
- 4) № 9 «Көлтоған» жалпы орта білім беретін мектебінің ұсынылған өзгерістердің күтілетін салдарын болжау, өзгерістер тәсілдері мен нысандарын ұсыну;
- 5) Білім беру процесінің мазмұнына қанағаттану дәрежесін зерделеу үшін білім алушылардың ата-аналарынан сұхбат алу және сауалнама жинау қорытындылары көрсетілді.

Мектеп контингенті

Оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Жалпы саны	689	702	705
1–4 сыныптар	286	283	287
5–9 сыныптар	323	319	319
10–11 сыныптар	80	100	99
Ауысым саны	2	2	2
Сынып саны	32	33	33
Сыныптардың орташа толымдылығы	21,5	21,2	21,3

Кестеде көрсетілген контингент санының талдауы оқушылардың сандық құрамының жоғарылағанын көрсетеді. 2021-2022 оқу жылында 689 оқушы, 2022-2023 оқу жылында 702 оқушы, 2023-2024 оқу жылында 705 оқушы. Соңғы үш жылда мектеп контингентінің жалпы көрсеткіші +16 % жоғарылаған. Соңғы үш жылда 32 сынып жиынтығынан 33 сыныпқа дейін көтерілді.

1) Оқу орнының беделін арттыру, мектеп контингентінің санын көтеру мақсатында мектептің әртүрлі деңгейдегі жұмыс тәжірибесін насихаттау педагогикалық ұжымның басты назарында.

Білім сапасы

2-кесте

Оқыту кезеңдері	2018-2019 оқу жылы			2019-2020 оқу жылы			2020-2021 оқу жылы			2021-2022 оқу жылы			2022-2023 оқу жылы		
	Оқушы саны	Білім сапа	%	Оқушы саны	Білім сапа	%	Оқушы саны	Білім сапа	%	Оқушы саны	Білім сапа	%	Оқушы саны	Білім сапа	%
1-4 сыныптар	262	70,2	100	274	50,3	100	280	55,2	100	286	44,65 %	100	283	46,3%	100
5-9 сыныптар	289	59,5	100	301	42,6	100	320	46,6	100	323	41,49 %	100	319	39,2%	100
10-11 сыныптар	73	57,5	100	68	52,3	100	73	56,6	100	80	46,25 %	100	100	36,5%	100
Барлығы	624	63,8	100	643	48,4	100	673	52,8	100	689	44,1	100	702	40,6%	100

Оқу кезеңдері бойынша білім беру сапасының 5 жылғы көрсеткіштері 2-кестеде ұсынылды. Негізінен 2022-2023 оқу жылына қойылған міндеттерді орындау. Оқу үлгерімі – 100 %, сапасы 40,6 % (алдыңғы оқу жылымен салыстырғанда -3,5% теріс динамика көрсетті). Десек де, салыстырмалы талдаудан 5 жылдық білім сапасының тұрақсыздығын байқауға болады.

Бастауыш **2-4 сыныптар бойынша** соңғы 3 жылда білім сапасы 55,2%-дан 46,3%-ға, дейін түскен. **5-9 сыныптар бойынша** 2020-2021 оқу жылында білім сапасы 46,6% болса, 2021-2022 оқу жылында 41,4% алдыңғы жылмен салыстырғанда -5,2% төмендеген. Ал, 2022-2023 оқу жылында білім сапасы 39,2% көрсетіп 2,2% төмендеді. **10-11 сыныптар бойынша** 2020-2021 оқу жылында білім сапасы 56,6% , 2021-2022 оқу жылында 46,2% алдыңғы жылмен салыстырғанда -10,4% төмендесе, 2022-2023 оқу жылында білім сапасы 36,54% көрсетті. Сыныптардағы осындай білім сапасының тұрақсыздығы мен төмендеуіне әсер ететін бірқатар факторлардың жоқ еместігіде анық.

Мектепшілік бақылау бойынша сабақтарға қатысудың нәтижесі кейбір педагогтердің жұмысында оқытудың дәстүрлі репродуктивті стилінің басым болуы байқалса, кейбірінде оқушылардың танымдық белсенділігі мен ойлау дербестігін қамтамасыз ететін білім берудің жаңа дамытушы, сындарлы моделіне көшу жүзеге асырылады. Сонымен қатар, кейбір мұғалімдерде ҚМЖ құруда, оқу тапсырмаларын саралауда , формативтік және жиынтық бағалау тапсырмаларын әзірлеуде қиындықтар туындайды. Қазіргі уақытта барлық оқушылардың білім беру бағдарламасын ойдағыдай игеру, оқушылардың зерттеу іс-әрекетінің дағдыларын қалыптастыру, оларды әрі қарай оқуға дайындау және саналы кәсіби таңдау мәселесі өткір тұр. Тәжірибе көрсеткендей, оқушылардың көпшілігінде өмірлік маңызды мәселелерді шешуде пәндік білімді қолданудың практикалық дағдылары жоқ. Функционалдық сауаттылықтың жеткіліксіз деңгейі.

Тәжірибенің болмауы.

Оқу тәрбие жұмыстарында ата-ана рөлінің төмен болуы, жоғарғы білімді ата-аналардың аздығы. Жекеленген ата-аналардың әлеуметтік жағдайының төмендігінен оқушылардың ақпараттық білім сайттарынан қосымша білім ала алмауы. Мектеп контингентінің тұрақсыздығы. Қосымша сабақтардың жүйелі жүргізілмеуі сынды факторлар білім сапасының қалыпты деңгейге түсуіне кері әсерін тигізіп тұр.

Сапалы білімге қолжеткізуді жеңілдету үшін білім берудегі олқылықтарды жою қажеттілігі ескеріледі. Енді жекелеп оқытуға көбірек

күш салу қажет болады, әсіресе, үлгерімі төмен оқушыларды ілгерілету қажет. Академиялық адалдық қағидаттарын сақтау білім беру процесіне қатысушылардың барлығында жеке парасаттылық пен оқу үшін жауапкершілікті дамыту, қолайлы жайлы орта жасау басты назар.

Мектеп жұмысының негізгі нәтижесі ҰБТ нәтижелері төмендегідей

2020-2021 оқу жылы			2021-2022 оқу жылы			2022-2023 оқу жылы		
Жалпы бітірушілер	ҰБТ тапсырғандар	Орташа балл	Жалпы бітірушілер	ҰБТ тапсырғандар	Орташа балл	Жалпы бітірушілер	ҰБТ тапсырғандар	Орташа балл
33	24	55,6	38	21	61,1	43	32	68,6

Мектеп жұмысының негізгі нәтижесі ҰБТ нәтижелері төмендегідей

Осы аталған оқу жылында мектебімізде 55 оқушылар аяқтап отыр. Олардың ішінде 31 оқушы ҰБТ тапсыруға өтініш білдірді. Бұл 56,3 пайызды құрайды.

Соңғы екі жылдың қорытындысы бойынша орташа баллдың жоғарылауы, кейін төмендеуі байқалды, ал биыл мектеп орташа баллдың өсуі бойынша жақсы нәтиже көрсетуде

2020-2021 жылдарға арналған өсу динамикасы +5.

2021-2022 жылдардағы өсу динамикасы +5,5

2022-2023 оқу жылы өсу динамикасы +7,5

ЖОО-ға түскендер

ЖОО-ға түскендер	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы
Жалпы бітірушілер	33	38	43
ЖОО-ға түскендер %	48,4	47,3	65,1
Грант иегерлері	8	6	10

Көрсетілетін білім беру қызметі сапасының маңызды көрсеткіші – ҰБТ форматындағы тәуелсіз бағалау рәсімінің нәтижелері бойынша түлектердің алған мемлекеттік білім гранттарының үлесі.

3 жылдағы нәтижелерді салыстырмалы талдау ҰБТ-ға қатысудың төмен пайызын көрсетеді. Соңғы 3 жылда оқуға ынтасы төмен немесе жоғары немесе орта арнаулы білім алуға мүмкіндігі жоқ оқушылар 10-11 сыныпқа келіп отыр. Ата-аналардың балаларының жатақханада тұру ақысын төлеуге мүмкіндігі жоқ.

Мектеп контингенті қоғамының сипаттамасы

№	Мазмұны	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
1	Толық отбасы	672	676	680
2	Толық емес отбасы	30	29	28
3	Қамқорлықтағы балалар	1	1	1
4	Көпбалалы отбасылар	72	74	75
5	Аз қамтылған отбасылар	42	41	40
6	Қолайсыз отбасылар	-	-	-

Мектептің әлеуметтік төлқұжатын талдау барысында толық емес отбасылар санының өсуі байқалмайды, аз қамтылған отбасылардың саны анағұрлым өскен. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың өсуі байқалмайды.

Жұмыссыз ата-аналардың үлесі жоғары болып қала береді және бұл материалдық жағынан да, рухани жағынан да отбасылардың әлауқатына айтарлықтай әсер етеді. Адамның өмірлік мақсаттары мен ұмтылыстарын қалыптастыруға отбасының зияткерлік әлеуеті, ата-аналардың рухани әлемі үлкен әсер етеді. Біздің мектеп оқушыларының ата - аналарының көпшілігінде тек арнаулы орта білім бар, мектептің оқу-тәрбие жұмысының мақсаттары мен міндеттерін анықтай отырып, бұл фактіні ескермеуге болмайды.

Кадрлық құрамға талдау:

Біздің өміріміздің кез-келген саласындағы, әсіресе білім біру саласында сапалы өзгерістер мұғалімнің өз орны мен оқу процесіндегі рөлі туралы жаңа көзқарасын қалыптастырмай мүмкін емес. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында педагогтардың 88,3% - ы курстық қайта даярлаудан өтті. Мұғалімдердің кәсіби деңгейін арттыру мақсатында мектепте педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бойынша келесі жұмыс жүргізіледі: әдістемелік және педагогикалық кеңестер, әдістемелік бірлестіктердің пәндік онкүндіктері, білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында проблемалық және оқыту семинарлары, әдістемелік күндер, коучингтер, бұл жұмыстар ұстаздардың өздігінен білім беруді дамытуға ықпал ететін, біліктілік деңгейін арттыруға, жұмыс қызметін жандандыруына ықпалын етеді.

Барлығы 86 мұғалім. Оның ішінде кәсіби біліктігіне қарай:

Жоғары санат- 1 педагог

Бірінші санатты –0 педагог

Екінші санатты – 0 педагог

Санаты жоқ мұғалім – 20 педагог

Педагог-шебер - 0

Педагог-зерттеуші – 13 педагог

Педагог-сарапшы – 36 педагог

Педагог-модератор – 16 педагог бар.

Соңғы 3 жылдағы педагогтардың сапалық құрам есебі

Санаты бойынша:	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Педагог-модератор	14	13	16
Педагог-сарапшы	36	36	36
Педагог-зерттеуші	14	13	13
Педагог- шебер	0	0	0
Жоғары	2	2	1
Бірінші	1	0	0
Екінші	2	1	0
Санаты жоқ,оның ішінде	18	19	20
Жоғары, бірінші, педагог- зерттеуші, сарапшы мұғалімдердің % үлесі	79,3%	77,3%	76,7%

Мұғалімдердің білімінің салыстырмалы соңғы 3 жылдағы көрсеткіші

барлығы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
	87	84	86
оның ішінде Жоғары:	87	84	86
- аспирант	0	0	0
- магистрант	0	0	0
Арнаулы -орта	0	0	0
Орта	0	0	0

Бұл кестелер мектеп мұғалімдерінің жалпы санының ішінде келесі санаты бар екенін көрсетеді педагог- шебер, педагог-зерттеуші 15,1% , педагог–сарапшы санаты және бірінші санаты 41,8%, педагог – модератор 18,6%. Жаңа формат бойынша аттестаттаудан өткен педагогтардың пайызы айтарлықтай жоғары (75,5%), **бірақ педагог – зерттеуші, педагог – сарапшы санатын алған педагогтердің пайызы 2022-2023 жылымен салыстырғанда 0,2% азайды, оның ішінде мектеп бойынша ағылшын тілі пән мұғалімдердік сапалық көрсеткіші төмен болып тұр (11%), және дене шынықтыру пән мұғалімдері (20%).** Педагог кадрлардың сапалық құрамы көрсеткіштерінің төмендеу себептері: нәтижесінде мұғалімдерге «педагог» санат деңгейіне дейін төмендетілді, 1 мұғалім зейнетке шықты. Жоспарлау кезінде мұғалімдерді аттестаттау мәселесіне және соның салдарынан мұғалімдердің де, оқушылардың да нәтижелілігіне назар аудару қажет.

Педагогтердің біліктілігі мен кәсіби құзыреттілігін арттыру туралы мәліметтер.

Ең дамыған педагогикалық ұжым мектептің қолда бар білім беру әлеуетін тиімді пайдаланып қана қоймай, өзін-өзі тәрбиелеу, кәсібилікті арттыру арқылы оны инновациялар есебінен тиімді түрде арттыра алады. Педагогикалық (кәсіби) шеберлікті жетілдіру

бойынша педагогикалық ұжымен бірқатар жұмыс жүргізілуде. Бұл жұмыстың міндеті: мұғалімдердің кәсіби дамуын арттыру үшін жағдай жасау.

Жыл сайын мектеп педагогтары өздерінің кәсіби шеберліктерін білім беру бағдарламалары, қалалық ғылыми–әдістемелік семинарлар, тұрақты жұмыс істейтін семинарлар арқылы арттырады. Соңғы үш жылда мектеп мұғалімдері "НЗМ" ПШО және "Өрлеу"БАҰО" АҚ БАИ жанындағы біліктілікті арттыру курстарынан өтуде.

2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Педагог мәртебесі туралы» Заңына 03.05.2022 жылмен енгізілген өзгерістерге сәйкес 7-баптың 12 тармағына сәйкес педагогтар үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруы керек. Бұйрыққа сәйкес қыркүйек- мамыр айларында 18 педагог біліктілігін арттырды.

2022-2023 оқу жылында «пәндік» курсына 33 мұғалімі оқыды, 2023-2024 оқу жылында 6 мұғалім оқыды, жаз айларында 22 мұғалім жіберілуі жоспарланып отыр.Қазіргі таңда мектепте 86 педагог қызмет атқарады. Аталған педагогтар соңғы үш жылда бейіні бойынша және әртүрлі тақырыптарда 60 рет біліктілікті арттыру курсынан өткен.. Ол педагогтардың жалпы санынан 69,7 % құрайды.

Педагог кадрлардың біліктілігі мен кәсіби құзыреттілігі білім беру нәтижелеріне қол жеткізудегі табыстың негізгі факторлары болып табылады. Мектеп мұғалімдері аудандық, облыстық, республикалық конкурстар мен олимпиадаларға қатысады.

Сонымен қатар, аудандық деңгейдегі түрлі конкурстар мен олимпиадаларға қатысудың оң нәтижелі динамикасына қарамастан, облыстық, республикалық конкурстар мен олимпиадаларға қатысудың нәтижелілігі төмен болып қалуда. Мұғалімдердің біліктілігі өте жоғары болған жағдайда, мұғалімдердің 75,5% – "педагог – зерттеуші", "педагог–сарапшы", «педагог- -модератор» жаңа санаттары бола тұрып, ұстаздардың арасында 3 жыл ішінде өз тәжірибесін жинақтаған және таратқан жоқ . Кәсіби шеберлік байқауларына қатысу пайызы төмен болып қалады.

Дарынды оқушылармен жұмыс

Қазіргі уақытта дарынды балалармен жұмыс істейтін бірнеше жұмыс формалары бар: интеллектуалды сайыстар, зияткерлік пән олимпиадалары, ғылыми – зерттеу жұмыстары, балалардың көркем әдеби шығармашылық конкурстары. Дарынды оқушылармен жұмыс пән мұғалімдерінің ата-аналармен, психологтармен, мектеп әкімшілігімен тығыз байланыс жағдайында өткізіледі. Мектебімізде дарынды балалармен жұмыс жоспарға сәйкес жүргізіледі.

Қабілетті оқушыларды іріктеп, олармен төмендегідей жұмыс түрлері жүргізіледі:

1. Баланың қызығушылығына әрі табиғатына қарай ғылыми жұмысқа баулу;
2. Пәндік олимпиадалық жұмыстарға дайындау;
3. Қазіргі кезде жақсы дамып келе жатқан дебаттарға, пікір – сайыс яғни интеллектуальды ойындарға дайындау;
4. Мектептің ғылыми қоғамындағы үйірме жұмыстарын ұйымдастыру.
5. Әр түрлі деңгейдегі жарыстарға, байқауларға,қашықтық олимпиадаларға, қатыстыру.

Қабілетті балалармен жұмыс олардың мектепшілік интеллектуалды байқауларға қатысуымен шектелмейді, оқушылардың қалалық, облыстық және республикалық ойындарға қатысуы дәстүрге айналып келеді, оқушыларды олимпиадаға және түрлі зияткерлі сайыстарға қатыстырғанда үздіксіз білім беру жұмысының тиімділігі көрініп тұрады.

Сонымен қатар, дарынды баланы анықтап шығармашылық тұрғыда дамытуға арналған жұмыс түрлері жүргізілді. Атап айтқанда айында мектебімізде «Болашақ» ОҒҚ құрылып, мүшелері бекітіліп біршама жұмыстар атқарды.

Соңғы үш жылдағы оқушылардың пәндік олимпиада көрсеткіші

олимпиада	2020-2021		2021-2022		2022-2023	
	қатыс	жүлделі	қатыс	жүлделі	қатыс	жүлделі
Мектепшілік	62	17	71	19	74	22
Аудандық	12	5	16	6	18	7
Облыстық	2	1	3	1	4	3
Республикалық	0	0	0	0	0	0

Соңғы 3 жылдағы оқушылардың аудандық, облыстық, республикалық ғылыми жоба байқауларына қатысу нәтижесінің салыстырмалы көрсеткіші

	2020-2021		2021-2022		2022-2023	
	қатысқаны	жүлдегері	қатысқаны	жүлдегері	қатысқаны	жүлдегері
Аудандық ғылыми жоба байқауы	3	2	2	1	4	2
Облыстық ғылыми жоба байқауы	0	0	0	0	1	1
Республикалық ғылыми жоба	0	0	0	0	0	0

Атауы	2020-2021		2021-2022		2022-2023	
	қатысқаны	жүлдегері	қатысқаны	жүлдегері	қатысқаны	жүлдегері
Ақбота	67	8	58	10	62	13
Кенгуру	63	9	56	7	71	14
Пәндік байқаулар	0	0	0	0	0	0

Зияткерлік олимпиадаларға, конкурстарға, марафондарға қатысу нәтижелері

Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиадаға қатысу нәтижелілігін салыстырмалы талдау республикалық деңгейде қатысушылардың да, жеңімпаздардың да жоқтығын көрсетеді, және кестеден көріп отырғанымыздай ғылыми жарыстарға қатысу қорытындысы бойынша жұмыс нәтижелерінің жоқтығы байқалады. Ең алдымен, бұл педагогтар тарапынан да, әкімшілік тарапынан да нақты жұмыстың, осы бағыттағы жүйеліліктің жоқтығын көрсетеді. Сонымен қатар, олимпиадалық тапсырмаларды шешу бойынша, ЖОО-мен байланыстың болмауы, зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде әдіснаманы білмеу, мұғалімдердің пәндік құзыреттілік деңгейі төмен деңгейде қалып отыр. Жыл сайын мектеп оқушылары "Ақбота", "Кенгуру", және т. б. зияткерлік сайыстарда жүлделі орындарға ие болады. Зияткерлік конкурстарға қатысудың және нәтижеліліктің оң динамикасы байқалады. Бірақ дарынды балалармен жүргізіліп жатқан жұмыстарға қарамастан, бұл бағытта проблемалар қалады: дарындылықты диагностикалау, педагогтар мен оқушыларды

ынталандырудың пәрменді шараларының болмауы, оқушылардың пән бойынша білімді кеңейтудің маңыздылығын түсінбеуі. Барлық көрсетілген проблемалар дарынды оқушылармен жұмыс істеуде тиімді бағдарламаны әзірлеу қажеттілігін анықтайды.

Мектептегі тәрбие жұмысының талдауы

Мектептің маңызды міндеттерінің бірі-зияткерлік ұлтты қалыптастыру, оның өкілдері бәсекеге қабілетті білімге, креативті ойлауға ғана емес, сонымен қатар жоғары азаматтық және рухани-адамгершілік принциптерге, патриотизм мен әлеуметтік жауапкершілік сезіміне ие. Тәрбие жұмысының жүйесі Нормативтік-құқықтық құжаттармен реттеледі: "үздіксіз білім беру жүйесіндегі Тәрбие тұжырымдамасы", Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған кешенді жоспары әзірленген. Бұл жоспарда мектептің тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалған.

Мектепте балаларды жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде халықтың рухани-адамгершілік мұрасына баулу бойынша үлкен жұмыс жүргізілуде. Қоғамда табысты бейімделуге ықпал ететін шығармашылық және коммуникативтік дағдыларды дамыту мақсатында Тәрбие жұмысы жүйесінде "Адал ұрпақ", "Оқуға құштар мектеп" жобасы, "Жасыл мектеп" жобасы, "Үнемді тұтыну" жобасы, "Қайырымдылық" жобасы. "Еңбегі адал жас өрен" жобасы, «Психологиялық әл – ауқат және күйзеліске төзімділік» жобалары, іске асырылуда. Мектепте балаларды жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде халықтың рухани-адамгершілік мұрасына баулу бойынша үлкен жұмыстар жүргізілуде. Оқушыларда патриотизм мен азаматтықты қалыптастыруда "Жас Ұлан" және "Жас Қыран" балалар-жасөспірімдер ұйымдары үлкен рөл атқарады. Сонымен қатар, мектептің тәрбие жұмысының жүйесінде көптеген проблемалар бар, олардың қатарына: отбасының әлеуметтік институтын арттыру бойынша ата-аналар қоғамымен тиімділіктің жеткіліксіздігі, балалар қоғамдық бірлестіктері қызметінің тиімділігінің жеткіліксіздігі жатады.

Сонымен қатар, мектептің тәрбие жұмысының жүйесінде көптеген проблемалар бар, олардың қатарына: отбасының әлеуметтік институтын арттыру бойынша ата-аналар қоғамымен тиімділіктің жеткіліксіздігі, балалар қоғамдық бірлестіктері қызметінің тиімділігінің жеткіліксіздігі жатады.

1. Бірлескен тәрбие іс-шараларын өткізуге ата-аналарды тарту.
2. Жоғары сынып оқушыларының мектеп көшбасшыларының кеңесіне қатысуға, түрлі іс шараларды ұйымдастыруға және қатысуға белсенді ниеті байқалады.
3. Оқушылардың әр алуан байқауларға қатысамын деген шығармашылық қабілеттері байқалады.

Тәрбие жоспарын табысты іске асыру туралы, Мектептің құрылған тәрбие жүйесінің тиімділігі туралы айта келе, кейбір мәселелерге де назар аудармауға болмайды.

Проблемалық өріс:

1. Оқушылардың шығармашылық байқаулардағы белсенділігінің төмендігі.
2. Ата-аналар сабақтан тыс қызметке қатыстырылмайды.
3. Ата-аналар жаппай оқыту жұмысын ұйымдастыруға да назар аудару қажет.
4. Кейбір сыныптардағы жиналыстарға ата-аналардың төмен қатысуы байқалады.
5. Сынып ұжымдары деңгейінде оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысының болмауы.

Кемшіліктерді жою жолдары:

1. Шығармашылық конкурстарда сынып қызметін бақылауға қою және шығармашылық есептерді ресімдеу.

3. Сынып жетекшілеріне Оқушылардың қиындықтарды жеңудегі табыстылығын ынталандыру әдістерін жетілдіру; жалпы білім беретін сыныптарда әр түрлі интеллектуалды турнирлерге, қызықты пәндік материалдарға көбірек көңіл бөлу.
4. Сынып жетекшілерге оқушылардың шығармашылық қызметін жандандыру.
5. Сынып жетекшілеріне ата-аналарды сабақтан тыс қызметке белсенді түрде тарту.
6. Ата-аналар жиналысын ұйымдастыруға және өткізуге көп көңіл бөлу.
7. 2024-2025 оқу жылында педагог-психологқа ата-аналарға жалпы оқыту жұмысын ұйымдастыруға ерекше назар аудару қажет.
8. Сыныпта өмірді ашық ету және сыныптың ақпараттық парақтары арқылы айына 1 рет өз экскурсияларын, мерекелерін, сынып сағаттарын жариялау.
9. Оқушылардың дербестігін және бастамашылдығын тәрбиелеу, өзін-өзі басқаруға белсенді қатысу үшін олардың көп санын тарту.

Алдағы оқу жылында шешілетін өзекті мәселелер:

- оқушылардың, сынып жетекшілердің, педагогтердің, психологтардың, ата-аналардың, қоғам өкілдерінің тәрбие қызметінің мәселелері бойынша бастамашыл топты ұйымдастыру мәселесі;
- басқа оқу орындарының көпшілігінен лицей бөлетін тәрбие қызметінің ерекше түрлерін құру;
- әр сынып ұжымында және жалпы мектепте Өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастырумен байланысты қиындықтарды шешу;
- мектеп, облыстық және республикалық іс-шараларға қатысқаны үшін, мектеп бойынша кезекшілік және басқа да жетістіктері үшін сынып жетекшілерін, сыныптарды көтермелеу жүйесін әзірлеу;
- мектепті жарнамалау және оған балалар мен ата-аналарды тарту мақсатында мектептің ақпараттық кеңістігін құру.

Материалдық-техникалық ресурстар

Мектептің материалдық-техникалық базасы білім беру мекемесінің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес, тиісті білім беру және әлеуметтік ортаны құруға жағдай туғызып, мемлекеттік білім беру стандарттарын енгізуді және іске асыруды қамтамасыз етеді.

Мекеменің материалдық-техникалық базасы санитарлық, өрт қауіпсіздігі және терроризмге қарсы қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес келеді, бұл жыл сайын мекеменің қабылдау актілерімен, санитарлық және өрт қадағалау органдарының тексеру актілерімен расталады.

Мектеп 1975 жылы салынған екі қабатты, ыңғайластырылған, 2015 жылы үш қабатты типтік кірпіш ғимаратта орналасқан. Ғимараттың жалпы ауданы 1052,8 ш/м жеке абаттандырылған жер учаскесінде орналасқан 2,8 (га), онда дене шынықтыру-спорт (спорт алаңы), шаруашылық, мектеп бағы аймақтары бөлінген. Мектеп аумағы сеткамен қоршалған. Аумақтың периметрі бойынша 18 бейнебақылау орнатылған. Ғимараттың периметрі бойынша сыртқы электр жарығы қарастырылған. Мектеп ғимаратының жобалық қуаты 300 оқушыға есептелген. Ғимарат орталықтандырылған инженерлік желілерге (суық сумен жабдықтау, кәріз) қосылған. Жеке жылыту жүйесі бар.

Оқушылар мен қызметкерлердің мектепте болу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін автоматты өрт дабылы орнатылған. Сондай-ақ, терроризмге қарсы қорғалу талаптарына сәйкес 1 стационарлық дабыл түймелері, 4 турникет, қойылып, мектепте күндізгі түнгі күзет ұйымдастырылған.

Мектеп ғимаратында 10 оқу кабинеттері бар. Сынып кабинеттерінің ауданы 60 ш/м. жоғары көлемінде. Соның ішінде математика, биология, информатика, физика, химия кабинеттері, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, тарих, география, технология, бастауыш сыныптар кабинеттері, темір өңдеу, ағаш өңдеу және қыздар шеберханалары. Барлық кабинеттер оқушыларға арналған такта, парта, орындық, әдістемелік құралдар мен әдебиеттерді сақтауға арналған шкафтар мен мұғалімге арналған үстел. Мектеп Күнделік.kz электронды порталына қосылған, Wi-Fi модем арқылы таратылып, әр кабинетте интернет желісіне қосылу мүмкіндігі бар. Бүгінгі күнде проектор, интерактивті тақталары істен шыққан. Жөндеу мүмкіндігі жоқ, себебі ескі модификациядағы

жабдықтарға бөлшектер табылмайды.

Спорт ойын зал– 1(270 кв.м) спорттық құрал-жабдықтармен (доптар, секіргіштер, шеңберлер т.б.) волейбол, баскетбол торларымен жабдықталған. 2 киім ауыстыратын бөлме бар. Асхана – 1(92 кв.м) 90 орынға, Акт залы – 1(220 кв.м) 90 орынға есептелген акт залы, Кітапхана – 1 (80 кв.м) оқу залымен кітапхана жұмыс жасайды. Кітапхана интернетке шығатын компьютермен жабдықталған. Екінші қабатта медициналық– 1(16 кв.м),. Медициналық пункт барлық қажет құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Мектептің материалдық-техникалық ресурсында компьютер -66, ноутбук- 31 дана, планшет- 7 дана барлығы:104.

Проектор- 5 шт, Интерактив панель- 1шт. Биология жаңа модификациялы кабинет, «Робототехника», лингафон- жоқ Білім сапасын ақпараттандыруды дамыту жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі уақытта 7 оқушыға 1 компьютерден келеді. Мектептің оқу ғимараты кең жолақты интернет желісіне қосылған, жылдамдығы

Кітапханадағы кітап қоры да үздіксіз байытылып, жаңартылып отырады. Кітапхана қоры 14058 дана кітаптан тұрады, оның 12985-і оқу кітаптары болса, осы оқулықтардың 64925 жаңа оқулықтар, 15 электронды оқулық, 1058 көркем әдеби кітап бар.

Мектептің оқу - тәрбие үдерісінің жай-күйі мен даму перспективаларын айқындау, мектеп мұғалімдері мен оқушыларының психологиялық жайлылық дәрежесін айқындау, білім беру үдерісіне қанағаттану дәрежесін айқындау үшін мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, оқушылар мен ата-аналар арасында сауалнама жүргізілді. Психологиялық климатты зерттеу мақсатында мектепте оқу-тәрбие процесінің барлық субъектілеріне сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 632 адам қатысты. Атап айтқанда: әкімшілік мүшелері-13 адам, педагогтар-74 адам, ата - аналар – 321 адам, 8-11 сынып оқушылары – 224 адам.

Сауалнама жүргізу кезінде мектеп әкімшіліктің барлық мүшелері мектептің мақсаттары мен міндеттерін нақты атайды. Респонденттердің 100% мектепте мұғалімнің кәсіби өсуі мен жеке дамуы үшін жағдай жасалғанын айтты. Мектеп әкімшілігінің пікірінше, мектептегі оқу деңгейін қанағаттанарлық деп санауға болады. Білім сапасының өсуі, педагогтердің тәрбие мен оқытудың инновациялық әдістерін қолдануға қызығушылығы жүйелі түрде байқалады, пәндер бойынша білімді түзету, үй тапсырмасын орындауға көмектесу, бақылау жұмыстары мен емтихандарға дайындық мақсатында пән мұғалімдерімен оқушылардың қосымша жеке сабақтары үнемі өткізіліп тұрады.

Мектеп қосымша білім берудің ақылы қызметтерін ұсынбайды. Мектепте педагогтар мен әкімшіліктің күш – жігерімен түрлі жергілікті мектеп дәстүрлері, қызықты сыныптан тыс іс-шаралар, члендждер мен акциялар құрылуда, олар рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық дамудың барлық бағыттарын қозғайды. Әкімшілік мектеп қызметкерлері оқу - тәрбие процесінің барлық кезеңінде келесі дәстүрлерді жүзеге асыруды үнемі қамтамасыз ететіндігін атап өтті:

- Білім беру процесінің ашықтығы;
- Оқушы мен мұғалімнің жеке басына құрмет;
- Педагогикалық ұжымның білім беру процесінің барлық қатысушыларына қолдау көрсетуге ұмтылуы;
- Әрбір оқушының жеке білім беру мүмкіндіктерін ескере отырып, оның дамуы үшін жағдай жасау;
- Оқушыларға үздіксіз білім беруді ұйымдастыру;
- Оқушының жетістіктері ретінде қызмет үдерісі мен нәтижелеріндегі кез келген оң өзгерістерді тану;
- Педагогикалық тәжірибені сақтау және беру;
- Алдыңғы қатарлы педагогикалық технологияларды біріктіріп пайдалануға бағдарлану

Сауалнама кезінде әкімшілік қызметкерлері болашақта жұмысты ұйымдастыру сапасын жақсарту үшін педагогикалық ұжымның үздіксіз кәсіби өсуі бойынша жұмысты жалғастыруды, материалдық – техникалық базаны нығайтуды, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмысты күшейтуді жоспарлап отыр.

Мектептің педагогикалық ұжымының сауалнамасының нәтижелері.

Мектепте жанжал деңгейін талдауға, жанжал жағдайын шешудің белгілі бір стильдерін анықтауға, еңбектің тартымдылығын зерттеуге арналған 48 сұрақтың көмегімен психологиялық климатқа сауалнама жүргізілді.

Пән мұғалімдері (86 адам) келесі нәтижелерді көрсетті:

- осы ұжымның еңбегінің тартымдылығы-адам үшін осы аспектінің тартымдылығы ретінде:

* Мені жұмыс қызықтырады (83%),

* Бағалайтын және құрметтейтін көптеген жолдастар (26%)

* Әкімшілік жақсы жұмысшы ретінде бағалайды (23%)

- ұжымның жанжалдарының жалпы деңгейі:

* Орташадан жоғары-0%

* Орташа-0%

* Орташа -17-ге жақын%

* Орташадан төмен-83%

Мұғалімнің жақсы жұмыс істеуге деген ұмтылысы мен мүмкіндіктері жұмыс процесіне қанағаттануға байланысты. Мұғалімдердің оның әр түрлі жақтары туралы пікірін ескеру оларға педагогикалық қызметте үлкен тиімділікке қол жеткізуге, қатысушылардан бас тартуды тудыратын жағымсыз сипаттамаларды жоюға, қатысушыларға сәтті оқуға және жұмыс істеуге көмектесетін сипаттамаларды дамытуға және кеңейтуге мүмкіндік береді.

Педагогтер арасында сауалнама жүргізу кезінде мынадай көрсеткіштер анықталды:

* Педагогикалық ұжымның 82,6% оқу процесінің жеткілікті жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап өтеді.

* Мұғалімдердің 87% педагогикалық қызметті жүзеге асыру барысында оқу процесін ұйымдастыруда өз білімдері мен қабілеттерін барынша көрсетуге мүмкіндігі бар екенін айтады.

Мұғалімдердің 91,3% мектептің білім беру процесін уақтылы және дұрыс бақылау фактісін атап өтеді, 95,7% - ы біздің ұжымда қақтығыстар сирек кездесетінін атап өтеді. Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің 100% – ы оқушылармен қарым-қатынастарын жайлы, ал ұжыммен қарым-қатынастарын сенімді деп санайды.

Сауалнама жүргізу кезінде мектеп педагогтеріне көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану туралы сұрақ қойылды. Педагогикалық ұжымның 88% мектеп көрсететін білім беру қызметтеріне қанағаттанған деп санайды. Жақсартуды қажет етеді – 12%. Мектептің одан әрі дамуы үшін қандай өзгерістер қажет деген сұраққа:

- мектептің материалдық-техникалық базасын жақсарту қажеттілігі-47%

- педагогтердің әдістемелік деңгейін арттыру-21%.

- Оқушыларды тәрбиелеуге көбірек көңіл бөлу-24%

- Мұғалімдер мен сынып жетекшілеріне жүктемені оңтайлы бөлу-5%

Осылайша, мектеп мұғалімдерінің сауалнамасы ұжымның әлеуметтік-психологиялық ахуалының күшті жақтарын анықтауға мүмкіндік берді. Жалпы, мектеп ұжым арасында қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал қалыптастырды.

Қанағаттану көрсеткішінің жылдар бойынша оң динамикасы педагогикалық ұжымның және мектеп әкімшілігінің оқу-тәрбие процесін дамыту және жетілдіру жөніндегі мақсатты жұмысы, оның нәтижелерін бақылау негізінде Педагогикалық қызметті уақтылы түзету туралы куәландырады. Мектебіміздің білім беру процесінің мазмұнына қанағаттану дәрежесін зерделеу үшін білім алушылардың ата-аналарынан сұхбат алу және сауалнама жинау жұмыстары жүргізілді. Мектеп бойынша 619 ата-ана бар, 386 ата-ана сауалнамаға қатысты, ол 62% -ын құрайды, 36 ата-анамен сұхбат жүргізілді.

8-11 сынып оқушыларына сауалнама нәтижелері.

